

БАСПАҚОЖЕ  
жазылу

222



ASTANA  
AQSHAMY

АСТАНА



## **«Қыз Жібек» мюзиклі қойылды**

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры «Қыз Жібек» этно-фольклорлық мюзиклінің премьerasын ұсынды.

Классик қаламгер Ғабит Мұсіреповтің либреттосы мен композитор Евгений Брусловский музыкасын халық әндері мен күйлері, халық композиторларының шығармалары негізінде жазған туынды ұлттық операмыздың інжу-маржанына айналды. Асыл мұрамызды мюзиклге айналдырып, сахналаған – аталмыш театрдың жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маємиров.

Шығармашилық топ операда орындалатын ариялар мен хорлар, күйлер мен билер ұлттық мұра болғандықтан, шырғасын бұзбай рухани тамырына қан жүгіртіп, халық аспаптар ансамблінің орындауына лайықтап қайтадан жазды. Музыканы ансамбльге өндеген талантты музыкант Бауыржан Ақтаев.

Халқымыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, текстілігі мен ұлттық болмысын сипаттайтын, қос ғашық Төлеген мен Қыз Жібектің адал махаббатын арқау ететін туынды желісі Төлеген, Қыз Жібек, Бекежан секілді үштаған бейнелердің арасында өтеді. Қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтпай, махаббаттың өміршең дастаны ретінде үрпақтан-үрпаққа жалғасып келе жатқан шығарма көрерменге ұлттымыздың тамыры тереңде жатқан фольклоры мен этнографиясын, философиясы мен дүниетанымын, бай музыкалық мұрасы мен өмір сұру салтын біртұтас күйінде көрсетті.

Мюзиклге бірнеше актерлік құрам тартылған. Атап айтқанда, Қыз Жібекті Инабат Ризабекова, Мақпал Дүйсен, Жансая Өмірбекова, ал Төлегенді Оразалы Игілік, Саламат Мұқашев, Нұржас Садырбаев сомдайды. Бекежан бейнесінде Расул Усманов, Аққанат Қуандықов, Мақсат Қабдеш көрінеді. Шеге – Армат Амандықов, Мағжан Омар, Бақдәulet Оралов.